

Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1191. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 732 қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 қаулысымен бекітілген 1999-2000 жылдарға арналған жекешелендіру мен мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру бағдарламасына сәйкес республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастыру мәселелерін ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын жекешелендірудің мерзімдері мен түрлерін айқындау үшін мүдделі министрліктер мен ведомстволар өкілдерінің қатысуымен жұмыс комиссиясын құрсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
"18 "тамыздағы N 1191

қаулысымен бекітілген

Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың Тәртібі

Осы Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 қаулысымен бекітілген 1999-2000 жылдарға арналған жекешелендіру мен мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру бағдарламасының 5.5.-тармағына сәйкес әзірленді және республикалық меншіктегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың ерекшеліктерін реттейді.

Z 0 3 0 4 1 5

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастыру туралы шешімді мемлекеттік басқарудың уәкілетті органының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жеке тәртіпте қ а б ы л д а й д ы .

Құрылатын акционерлік қоғамдар қайта ұйымдастырылатын жоғары оқу орындарының және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарының құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

2. Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастыру

2. Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындары және ғылыми-техникалық саланың ұйымдары жарғылық капиталында мемлекет жүз процент қатысатын акционерлік қоғамдарға қайта ұйымдастыруға жатады.

3. Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын жарғылық капиталына мемлекет жүз процент қатысатын акционерлік қоғамдарға қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әрбір жағдайда жеке түрде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4. Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру оған белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастыру сәтінде ұйымның балансындағы мемлекеттік мүлікті салым ретінде енгізу арқылы жүргізіледі.

3. Жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық саланың

ұйымдары қызметкерлерінің мүддесін ескеру

5. Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық саланың ұйымдары қызметкерлерінің мүддесін ескеру мақсатында оларды акционерлік қоғамдар болып қайта ұйымдастырғаннан кейін акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен акциялардың қосымша эмиссиясымен жарғылық капиталын ұлғайтуға рұқсат етіледі.

Акциялардың қосымша эмиссиясы қайта ұйымдастырылатын жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық саланың қызметкерлері құрған және белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлғалардың арасында жабық тәсілмен о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

Бұл ретте акциялардың қосымша эмиссиясының сомасы шығарылған жарғы капиталының жалпы мөлшерінің 25 процентінен аспауы керек.

6. Қосымша эмиссияның акцияларын орналастыруға осы эмиссияға уәкілетті орган берген ұлттық бірдейлендіру нөмірі болған кезде ғана таратуға рұқсат е т і л е д і .

7. Қайта ұйымдастырылған жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық саланың ұйымдары қызметкерлері құрған заңды тұлғалар қосымша эмиссияның акцияларын төлеу заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Акцияларды төлеуге ақшадан басқа енгізілетін салымды және оның бағасын аудитор растауы т и і с .

Оқығандар: Қобдалиева Н. Омарбекова А.